



Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 мамыр N 631. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.25. N 832 қаулысымен. ~P020832

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық

қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543
U010543_

Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына ақшаны есепке алу және оны пайдалану ережесі;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдаланудың есептілігін жасау және бухгалтерлік есебін жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 14 мамырдағы
N 631 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына
ақшаны есепке алу және
оны пайдалану ережесі
1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына ақшаны есепке алу және оны пайдаланудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Бюджет жүйесі туралы"

Қазақстан Республикасы Z990357_ Заңының негізінде және Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығымен (бұдан әрі - Жарлық) бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану ережесіне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына (бұдан әрі - Қор) ақшаны есепке алу тәртібін және Қордың тұрақтандыру әрі жинақтау функцияларын орындауы үшін оны пайдаланудың тәртібін анықтайды.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) ұлттық және шетелдік валютада Қорды есепке алу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ұлттық Банкте шот ашады.

Ұлттық Банк көрсетілген шоттарды басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банк арасында жасалған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) қол қойылған сәттен бастап жүзеге асырады.

2. Қорға ақшаны есепке алу тәртібі

4. Шикізат секторының ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалардан) түсетін түсімдер Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік жіктемесінің кірістер жіктемесінің кодтарын көрсете отырып, төлемдер түскен күні 080 "Бюджеттер арасында бөлінетін кірістер" (бұдан әрі - 080 шоты) теңгерімдік шотына өздігінен есепке алынады және ағымдағы қаржы жылының басынан бері өсу қорытындысымен есептелген түсімдердің бекітілген тоқсандық көлеміне қол жеткізілгенге дейін тиісті бюджеттерге аударылады.

5. Шикізат секторының ұйымдарынан түсетін, олардың бекітілген тоқсандық көлемдерінен асып түсетін түсімдердің бөлігін Қорға есепке алу үшін және оған одан әрі аудару үшін қазынашылықтың әрбір аумақтық органында 081 "Арнайы транзит шоты" (бұдан әрі - АТШ) теңгерімдік шоты ашылады.

6. Шикізат секторының ұйымдарынан түсетін, олардың бекітілген тоқсандық көлемдерінен асып түсетін түсімдердің бөлігі өткен тоқсандарда Қорға аударылған сомаларды ескере отырып, күн сайын келесі тоқсанның бірінші күніне дейін 080 шоттан АТШ-ға өздігінен аударылады және келесі банк күні қазынашылықтың аумақтық органдары ұлттық валютада Қордың есебі үшін Ұлттық Банкте ашылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотына (бұдан әрі - Үкіметтің шоты) аударылады.

Шикізат секторының ұйымдарынан түсетін, олардың бекітілген тоқсандық көлемдерінен асып түсетін түсімдердің бір бөлігі республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу кезінде Қордан алынған сомаларды ескере

отырып, 080 шоттан АТШ-ға аударылады.

7. Республикалық және жергілікті бюджеттерде жоспарланып отырған салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша түсетін түсімдер (заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы, қосылған құнға салынатын салық, үстеме пайдаға салынатын салық, бонустар, роялтилер, жасалған келісім-шарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі) сомасының 10 %-ы мөлшерінде есептелетін республикалық және жергілікті бюджеттерден алынатын ресми трансферттерді тиісті бюджеттің кірістері мен шығыстарының тізімдемесі негізінде ашылған қазынашылық және қаржылық рұқсаттарға сәйкес қазынашылықтың аумақтық органдары Үкіметтің шотына аударылады.

Ресми трансферттер жинақ функциясын орындау үшін Қорға есепке алынады.

8. Қорды басқарудан алынған инвестициялық кірістердің сомасы оның жинақ функциясын орындау үшін есепті кезеңде алынған кірістің мөлшерін қамтитын есепті Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткеннен кейін Қорға есепке алынады.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған түсімдердің және кірістердің өзге сомалары резиденттер мен резидент еместердің заңды тұлғаларынан да, жеке тұлғаларынан түсуі мүмкін және оның жинақ функциясын орындау үшін Қорға есепке алынады.

Резиденттер мен резидент еместердің заңды және жеке тұлғаларынан түсетін, заңнамада тыйым салынбаған түсімдер мен кірістердің сомалары тиісті банктерде қолданылатын төлем құжаттары бойынша Қорға есепке алынады. Қордың есебі бойынша Үкімет шотының деректемелерін екінші деңгейдегі банк резиденттер мен резидент еместердің заңды және жеке тұлғаларына хабарлайды. Екінші деңгейдегі банктер Үкімет шотының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіндегі, ал шетелдік банктер - Ұлттық Банктегі деректемелерін сұратады.

Ұлттық Банк заңнамада тыйым салынбаған өзге түсімдер мен кірістердің сомасын қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ақшаны есепке алу сомасын көрсете отырып, Үкіметтің шотынан үзінді көшірмені жібереді.

3. Қорды пайдалану

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өткен тоқсандарда алынған республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу сомасын ескере отырып, есепті тоқсанның қорытындылары бойынша он күн ішінде және шикізат секторының ұйымдарынан күтілетін түсімдердің болжамын ескере отырып, төртінші тоқсан үшін ағымдағы жылдың жиырма бірінші

желтоқсанынан кешіктірмей облыстар, Астана және Алматы қалалары бөлінісінде республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу көлемдерін анықтайды. Содан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның тұрақтандыру функциясын орындау мақсатында тиісті бюджеттердің көрсетілген шығындарының өтемақысын жабуға Қорды жұмсау туралы Ұлттық Банкке хабарлама жібереді.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген шикізат секторының ұйымдарынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдерінің бекітілген және нақты сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

11. Өткен тоқсандардағы өтемақылардың бұрын алынған сомаларын және ағымдағы жыл үшін шикізат секторының ұйымдарынан түскен нақты түсімдерді ескере отырып, республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу сомасын түпкілікті есептеуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың соңғы жұмыс күні жүргізеді.

12. Ұлттық Банк Қорды жұмсау туралы хабарламаның негізінде және Шартқа (бұдан әрі - Шарт) сәйкес реконвертация жасалғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде шығындарды өтеу сомасын Бірыңғай бюджеттік жіктеменің тиісті кодтары бойынша Қордан 080 теңгерімдік шотына аударуды жүзеге асырады.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Қордан шығындарды өтеу сомасы 080 шотқа түскен күні оларды тиісті бюджеттерге есепке алады.

14. Республикалық және жергілікті бюджеттерге Қордан берілетін мақсатты трансферттер түрінде Қорды жұмсау тиісті бюджеттерде бекітілген көлемдердің шегінде және Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мақсаттарға арналып жүзеге асырылады. Қорды мақсатты трансферттер түрінде жұмсау осы Ереженің 10-13-тармақтарында айтылған тәртіппен жүзеге асырылады.

15. Қор Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынатын, көрсетілген шығыстарды негіздейтін мынадай құжаттардың:

1) сыртқы басқарушыға берілетін комиссиялық сыйақының сомасы бар төлем құжатының;

2) кастодиандардың ақы төленген қызметтерінің сомасы бар төлем құжатының;

3) қажет болған жағдайда, заң кеңесшісінің ақы төленген қызметтерін қоса алғанда, Қорды сенімгерлік басқару кезінде туындауы мүмкін басқа да шығыстардың сомасы бар төлем құжатының;

4) сыртқы аудитордың ақы төленген қызметтерінің сомасы бар төлем

құжатының;

5) сыртқы басқарушыларды басқару жөніндегі келісімдер мерзімінен бұрын бұзылған кезде туындауы мүмкін шығындардың сомасы бар төлем құжаттарының;

6) Банкке көрсетілген соманы негіздейтін есептемені қоса бере отырып, комиссиялық сыйақының сомасы бар хабарламаның негізінде Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабуға пайдаланылады.

16. Осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген, ұсынылған құжаттарды қарағаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Шартта белгіленген мерзімде Ұлттық Банкке Қордың шығыстарын растау туралы хабарлама жібереді.

Ұлттық Банк Қордың шығыстарын растау туралы хабарламаның негізінде және Шартқа сәйкес Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу үшін Үкіметтің шотынан соманы есептеп шығарады.

17. Қор жинақ функциясын орындау үшін Шарттың негізінде Ұлттық Банк әзірлейтін және бекітетін Инвестициялық операцияларды жүзеге асыру ережесіне сәйкес оны сақтау және инвестициялық кіріс алу мақсатында сенімді және өтімді шетелдік қаржы активтеріне орналастырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 14 мамырдағы
N 631 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына
ақшаны есепке алу және
оны пайдаланудың ережесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын жұмсау туралы
хабарлама

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мынадай деректемелер

бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан ақша аударудың қажеттілігі туралы хабарлайды:

Бюджеттің/облыстың !Бенефициардың !Бенефициардың ! БЖК ! ТТК ! Теңгемен
атауы ! ИБК ! ББК ! ! ! сомасы

Жергілікті
бюджеттер,
оның ішінде

Республикалық
бюджет

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 14 мамырдағы
N 631 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына
ақшаны есепке алу және
оны пайдаланудың ережесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының
шығыстарын растау туралы хабарлама

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізу жөніндегі шығыстарды негіздейтін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған құжаттарды қарай отырып, Үкіметтің шотынан мынадай шығыстарды есептен шығаруға келіскені туралы хабарлайды:

Шығыстардың түрлері ! Теңгемен сомасы

Ұлттық Банкке берілетін

комиссиялық сыйақы
Сыртқы басқарушыларға
берілетін комиссиялық
сыйақы
Кастодиандардың көрсетілген
қызметтері

Заң кеңесшісінің көрсетілген
қызметтері
Сыртқы аудитордың
көрсетілген қызметтері

Басқа да шығыстар
Сыртқы басқарушылармен
жасалған келісімдерді
мерзімінен бұрын бұзған
кезде туындаған шығындар

Барлығы:

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 14 мамырдағы
N 631 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын
қалыптастыру мен пайдаланудың есептілігін
жасау және бухгалтерлік есебін жүзеге асыру
ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығын іске асыру мақсатында әзірленді және есептілік

нысандарының тізбесін, оларды жасаудың тәртібін белгілейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі - Қор) қалыптастыру мен пайдаланудың бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

2. Есептілік нысандарының тізбесі және оларды жасаудың тәртібі

2. Қордың есептілігі күн сайын, ай сайын, тоқсан сайын және бір жылға қалыптастырылады.

3. Есептілік нысандарында облыстар, Астана мен Алматы қалаларының және бірыңғай бюджеттік жіктеме кодтарының бөлінісінде барлық шикізат секторының ұйымдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалар бойынша тұтастай алғанда және әрбір ұйым бойынша жеке түсімдер көрсетіледі.

4. Қорды қалыптастыру мен пайдалану туралы есептілік мынадай нысандар бойынша жасалады:

1) Ф.40-НФ - шикізат секторының ұйымдарынан түсетін қаражат түсімдерінің күн сайынғы тізілімі, ол 1-қосымшаға сәйкес ресімделеді, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі - қазынашылықтың аумақтық органдары) күн сайын қалыптастырады және облыс, қала, аудан бойынша шикізат секторының ұйымдарынан түскен барлық түсімдерді қамтиды.

Осы тізілімді қазынашылықтың аумақтық органдары облыс, қала, аудан бойынша салық органдарына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті) ұсынады;

2) Ф.40-НФ-С - республика бойынша шикізат секторының ұйымдарынан түсетін қаражат түсімдерінің күн сайынғы жиынтық тізілімі, ол 2-қосымшаға сәйкес ресімделеді, күн сайын Қазынашылық комитеті қалыптастырады және республиканың шикізат секторының ұйымдарынан түсетін барлық түсімдерді қамтиды;

3) Ф.41-НФ - мемлекеттік бюджетке шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің және Арнайы транзиттік шотқа (бұдан әрі - АТШ) есепке алудың күн сайынғы ведомосы, ол 3-қосымшаға сәйкес ресімделеді, қазынашылықтың аумақтық органдары күн сайын қалыптастырады және Қазынашылық комитетіне ұсынады.

Ведомоста кірістердің бірыңғай бюджеттік жіктемесінің атауы және кодтары, шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдер мен бір күнгі және жылдың басынан бергі АТШ-ға есепке алу сомалары қамтылады.

Бұл ретте, ведомосқа тек ағымдағы күні түсім болған бірыңғай бюджеттік

жіктеменің кодтары ғана енгізіледі. Осы Ведомостың қорытынды сомалары жыл басынан бергі қорытынды сомаларына сәйкес келуі үшін онда "Бір күнде түсімдер түспеген кірістер" қосымша жолы болады. Осы жолда "бір күнде түскені" бағандарындағы жолда нөлдік мәндер, ал "жыл басынан бергі" бағандарында Ведомоста жоқ кодтар бойынша түсімдер сомасы болады;

4) Ф.41-НФ-С - Мемлекеттік бюджетке шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің және республика бойынша АТШ-ға есепке алудың күн сайынғы жиынтық ведомосы, ол 4-қосымшаға сәйкес ресімделеді және Қазынашылық комитеті күн сайын қалыптастырады.

Ведомоста кірістердің бірыңғай бюджеттік жіктемесінің атаулары мен кодтары, шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсім мен бір күнгі және жыл басынан бергі Қорға есепке алу сомасы қамтылады. Ведомосқа тек ағымдағы күні түсімдер болған бірыңғай бюджеттік жіктеменің ғана кодтары енгізіледі. Осы Ведомостың қорытынды сомалары жыл басындағы қорытынды сомаларға сәйкес келуі үшін, онда "Бір күнде түсімдер түспеген кірістер" қосымша жолы болады. Осы жолда "бір күнде түскені" бағандарындағы жолда нөлдік мәндер, ал "жыл басынан бергі" бағандарында Ведомоста жоқ кодтар бойынша түсімдер сомасы болады;

5) Ф.44-НФ - шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің тоқсандық жоспарын орындауы туралы ай сайынғы есеп, ол 5-қосымшаға сәйкес ресімделеді, қазынашылықтың аумақтық органдары ай сайын қалыптастырады және Қазынашылық комитетіне ұсынады.

Есепте облыстардың (Астана және Алматы қалаларының) атауы, кірістердің бірыңғай бюджеттік жіктемесінің атаулары мен кодтары, түсімдердің тоқсан бойынша жоспарлы және нақты сомалары, сондай-ақ жоспардан түскен түсімдердің нақты сомасының және Қорға аударылған соманың ауытқуы қамтылады. Бұдан басқа, Есепке кірістердің бюджеттік жіктеме кодын көрсете отырып, республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу сомасы енгізіледі. Бұл ретте шығындарды өтеу сомасы тек "Нақты" бағандарында ғана көрсетіледі;

6) Ф.44-НФ-С - Республика бойынша шикізат секторы ұйымдарының түсімдердің тоқсандық жоспарын орындауы туралы жиынтық есеп, ол 6-қосымшаға сәйкес ресімделеді және Қазынашылық комитеті қалыптастырады. Жиынтық есепте республиканың барлық шикізат секторының ұйымдары бойынша тұтас алғанда, жиынтық деректер қамтылады;

7) Қордың ақша қозғалысын салыстыру ведомосы, ол 7-қосымшаға сәйкес ресімделеді. Ведомость айдың 1-күнгі жағдай бойынша ай сайын толтырылады және төлем құжатының күні мен нөмірін, Қазынашылықтың аумақтық органының банктік бірегей кодын көрсете отырып, АТШ-дан Қорға аударылған

сомалар, ресми трансферттер, мақсатты трансферттер, шығындарды өтеу және Қордың басқа да түсімдері мен шығыстары туралы деректерді қамтиды.

Ведомосты Қазынашылық комитеті толтырады және электрондық почта бойынша Қорға есепке алынған сомалар туралы деректерді енгізу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) жібереді. Қазынашылық комитеті мен Ұлттық Банк деректерінің арасында айырмашылық болған кезде, Ведомоста айырмашылық сомалары мен олардың себептері көрсетіледі. Айырмашылықтарды түзету мен жою үш банктік күн ішінде жүргізіледі.

Ведомость екі данада жасалады және екі тараптың да қолдары қойылады;

8) Ф.Н 1-8-қосымшаға сәйкес ресімделетін Шығындарды өтеу сомалары туралы анықтама.

Анықтаманы бірінші, екінші, үшінші есепті тоқсандар аяқталғаннан кейін бес күн ішінде тоқсан сайын Қазынашылық комитеті жасайды.

Тоқсандық жоспар, өсу қорытындысымен нақты түсімдер туралы деректер 6-қосымшаға сәйкес 44-НФ-С-н. есептен Анықтамаға енгізіледі.

Анықтама Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына ақшаны есепке алу және оны пайдалану ережесінің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Ұлттық Банкке Қорды жұмсау туралы хабарлама жіберуге негіз болып табылады;

9) Ф. N 2-9-қосымшаға сәйкес ресімделетін Шығыстарды өтеу сомалары туралы анықтама.

Жылдық жоспар, өсу қорытындысымен тоғыз ай үшін нақты түсімдер туралы деректер 6-қосымшаға сәйкес 44-НФ-С-н. ведомосынан анықтамаға енгізіледі. Ағымдағы жылғы жиырма бірінші желтоқсандағы жағдай бойынша 4-тоқсандағы нақты түсім 4-қосымшаға сәйкес 41-НФ-С-н. Ведомосынан енгізіледі. Бұдан басқа, анықтамада мыналар қамтылады:

ағымдағы жылғы желтоқсанның аяғына дейін күтілетін түсімдердің болжамы;

облыстың (Астана және Алматы қалаларының) атауы;

салық немесе бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің атаулары;

жылдық жоспар мен жыл ішінде күтілетін түсімдердің арасындағы айырмашылық ретінде есептелген шығындарды өтеу сомасы.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ағымдағы жылғы жиырма бірінші желтоқсаннан кешіктірмей анықтаманы жасайды. Осы анықтама Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына ақшаны есепке алу және оны пайдалану ережесінің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Ұлттық қорды жұмсау туралы Ұлттық Банкке хабарлама жіберуге негіз болып табылады;

10) Ф. N 3-10-қосымшаға сәйкес ресімделетін мемлекеттік бюджет пен Қордың арасындағы түпкілікті есеп айырысу туралы анықтама.

Анықтаманы Қазынашылық комитеті мемлекеттік бюджет пен Қордың арасындағы бір жылғы есеп айырысудың түпкілікті сомасын анықтау үшін есепті жылдың соңғы жұмыс күні жасайды.

Жылдық жоспар нақты түсімдер туралы деректер 44-НФ-С-н. анықтамаға енгізіледі. Есепті жылы алынған шығындарды өтеу сомасы N 1Н. сәйкес үш тоқсан үшін шығындарды өтеу сомасынан және N 2Н. сәйкес төртінші тоқсан үшін шығындарды өтеу сомасынан құралады;

11) 11-қосымшаға сәйкес ресімделетін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы есеп.

Есепті Қазынашылық комитеті тоқсан сайын есептіден кейінгі тоқсанның бірінші күні және бір жылға жасайды. Есепке Ұлттық Банк ұсынатын мынадай деректер енгізіледі:

есепті кезең үшін инвестициялық кіріс сомасы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де кірістер мен түсімдер сомасы (кірістер мен түсімдердің түрлері бойынша);

Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу сомасы (шығыстардың түрлері бойынша);

Қазынашылық комитеті мынадай деректерді:

Ұлттық қордың есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражаты;

түсімдер бөлігінде - республикалық және жергілікті бюджеттерден алынатын ресми трансферттерді арнайы транзиттік шоттан есепке алу туралы деректерді;

пайдалану бөлігінде - республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу, Қордан республикалық және жергілікті бюджетке берілетін мақсатты трансферттер туралы деректерді енгізеді;

12) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарудың нәтижелері туралы есеп, ол 12-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Есепті Ұлттық қор ай сайын әрі бір жылға жасайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады. Есеп мынадай деректерді қамтиды:

есепті кезеңнің басындағы Қор активтерінің рыноктағы құны;

Қордың операциялары жөніндегі кірістер (кірістердің түрлері бойынша);

Қорды басқару жөніндегі шығыстар (шығыстардың түрлері бойынша);

Есепті кезеңнің аяғындағы Қор активтерінің рыноктағы құны.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметі Қорды қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп есептіден кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде жасайды.

Қорды қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есеп мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы жылдық есепті (осы Ереженің 11-қосымшасы);

2) Ұлттық қорды сенімгерлік басқару нәтижелері туралы жылдық есепті

қамтитын (осы Ереженің 12-қосымшасы) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қорды сенімгерлік басқару жөніндегі қызметі туралы жылдық есепті және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес ұсынылған Ұлттық қорды сенімгерлік басқарудың нәтижелері туралы жылдық есепті;

3) Қорды басқару жөніндегі басқа да деректерді қамтиды.

Есепіден кейінгі жылдың 15 наурызына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық Банкпен бірлесіп, сыртқы аудитті жүргізу нәтижелерімен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңеске (бұдан әрі - Кеңес) мақұлдауға ұсынады.

Есепіден кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі Кеңес мақұлдаған жылдық есепті Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдаланудың бухгалтерлік есебі

6. Қордың түсімдерін және оны пайдалануды есепке алу Ұлттық Банкте ашылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотында (бұдан әрі - Үкіметтің шоты) жүргізіледі.

7. Шикізат секторының ұйымдарынан түсетін салық және басқа да міндетті түсімдер Қазынашылықтың облыстық басқармасында ашылған 080 "Бюджеттердің арасында бөлінетін кірістер" теңгерімдік шотында есепке алынады. Бұл ретте, мынадай бухгалтерлік жазба жүргізіледі:

Дебет - шикізат секторы ұйымының шоты

Кредит - 080 шоты.

8. 5-қосымшаға сәйкес 44-НФ нысанында көрсетілген тоқсандық жоспарды орындағаннан кейін 080 теңгерімдік шотына шикізат секторының ұйымдарынан түсетін барлық түсімдер арнайы транзиттік шотқа (АТШ) өздігінен аударылады. Бұл ретте, мынадай жазба жүргізіледі:

Дебет - 080

Кредит - АТШ.

9. Қазынашылықтың аумақтық органдары күн сайын Ұлттық Банкте ұлттық валютада Қордың шотына, АТШ-ға түскен сомаларды аударуды жүргізеді. Бұл ретте мынадай жазба жүргізіледі:

Дебет - АТШ

Кредит - Үкіметтің шоты.

10. Қорға аударуға жататын республикалық және жергілікті бюджеттерден алынатын ресми трансферттердің сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық, бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленеді. Республикалық бюджеттен алынатын ресми трансферттерді Қорға аудару ай сайын республикалық бюджет шығыстарының ведомосы негізінде Қазынашылық комитеті жазып берген қазынашылық рұқсаттар бойынша жүргізіледі. Республикалық бюджеттен алынатын ресми трансферттерді Қорға аударған кезде мынадай жазба жүргізіледі:

Дебет - республикалық бюджетте тұрған мемлекеттік мекеменің бюджеттік шоты

Кредит - Үкіметтің шоты.

Жергілікті бюджеттерден алынатын ресми трансферттер Қорға жергілікті бюджет шығыстарының ведомосы негізінде жергілікті қаржы органдары жазып берген қаржылық рұқсаттардың негізінде есепке алынады. Жергілікті бюджеттерден алынатын ресми трансферттерді Қорға аударған кезде мынадай жазба жүргізіледі:

Дебет - жергілікті бюджетте тұрған мемлекеттік мекеменің бюджеттік шоты

Кредит - Үкіметтің шоты.

11. Белгілі бір кезең үшін инвестициялық кіріс Қордың кірістері мен шығыстарын салыстыру (айырмашылықтарын) жолымен есепке алу әдісі бойынша анықталатын таза табыс сомасы ретінде есептеледі.

Ұлттық Банк кастодиандардан ақпаратты алғаннан кейін инвестициялық кірістердің сомасы бойынша Қорды есепке алу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотында инвестициялық кірістерді көрсетеді. Бұл ретте, мынадай жазба жүргізіледі:

Дебет - мәмілелер бойынша тең әріптестердің шоты

Кредит - Үкіметтің шоты.

12. Қорды есепке алу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотына Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер есепке алынуы мүмкін.

Дебет - ақша жөнелтушінің шоты

Кредит - Үкіметтің шоты.

13. Қордан Қазақстан Республикасының Президенті анықтайтын мақсаттарға арнап республикалық және мемлекеттік бюджеттерге берілетін Қордың мақсатты трансферттері тиісті бюджеттерде көзделеді. Мақсатты трансферттердің сомасын республикалық немесе жергілікті бюджеттерге есепке

алу үшін мынадай жазба жүргізіледі:

Дебет - Үкіметтің шоты

Кредит - 080 шот.

14. Шикізат секторының ұйымдарынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша түсетін түсімдердің бекітілген және нақты сомасы арасындағы айырма ретінде анықталатын республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу (бұдан әрі - шығындарды өтеу) сомасы 080 шотқа есепке алынады, бұл ретте мынадай жазба жүргізіледі:

Дебет - Үкіметтің шоты

Кредит - 080 шот.

15. Қорды басқару және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізу жөніндегі шығыстарды жабу шығыстардың сомасын Үкіметтің шотынан Ұлттық Банктің кірістер шотына есептен шығару жолымен жүргізіледі:

Дебет - Үкіметтің шоты

Кредит - Ұлттық Банктің кірістер шоты.

16. Шикізат секторының ұйымдарына қате немесе артық түскен сомаларды қайтару облыстардың, қалалардың, аудандардың салық органдарының қорытындылары негізінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің кассалық атқарылуы жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес жүргізіледі.

17. Қордың ішкі бухгалтерлік есебін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес Ұлттық Банк жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 1 қосымша

40-НФ-н.

Берілген күні және уақыты

Шикізат секторының ұйымдарынан түсетін қаражат
түсімдерінің күн сайынғы тізілімі

(облыс, қала, аудан бойынша)

200__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

(теңге, тиын)

Шикізат сек. ! СТН ! Салық ! Сомасы ! Төлеуші бан. ! Төлеу. ! Құжат
торы ұйым. ! ! немесе ! сы ! кінің атауы ! шінің ! -----
дарының ! ! кіріс ! ! ! шоты ! Нөмірі ! Күні
атауы ! ! коды ! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

Жиыны:

Қазынашылықтың аумақтық
органының бастығы _____

Қазынашылықтың аумақтық
органының жауапты
орындаушысы _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 2 қосымша
Берілген күні және уақыты

40-НФ-С-н.

Республика бойынша шикізат секторының ұйымдарынан түсетін
қаражат түсімдерінің күн сайынғы жиынтық тізілімі
200__ жылғы " ____ " _____ жағдай бойынша

(теңге, тиын)

Облыс ! Салық немесе кіріс коды ! Сомасы
(Астана, Алматы қалалары) ! !

1 ! 2 ! 3

Қазынашылық комитетінің
басшысы _____

Қазынашылықтың комитетінің
жауапты орындаушысы _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 3 қосымша
Берілген күні және уақыты

41-НФ-н.

Шикізат секторының ұйымдарынан мемлекеттік бюджетке
түсетін түсімдерінің және оларды Арнайы транзиттік шотқа
есепке алудың күн сайынғы ведомосы

(Қазынашылықтың аумақтық органының атауы)
200__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

(теңге, тиын)

Салық немесе бюд. !Бюджеттік жік.!Бір күнде түскені!Жыл басынан бері
жетке төленетін !теменің коды !-----!-----
басқа да төлемнің ! !Бар. !АТШ-на !Бар. !АТШ-ға
атауы ! !лығы !есепке !лығы !есепке
! ! !алынғаны ! !алынғаны

1 ! 2 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

Күні бойы олар
бойынша түсімдер
болмаған кірістер XXXXXX XXXXXX
Жиыны:

Қазынашылықтың аумақтық
органының бастығы _____

Қазынашылықтың аумақтық
органының жауапты
орындаушысы _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 4 қосымша
Берілген күні және уақыты

41-НФ-С-н.

Республика бойынша шикізат секторының ұйымдарынан
мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдердің және оларды
Арнайы транзиттік шотқа есепке алудың күн сайынғы
жиынтық ведомосы

200__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

(теңге, тиын)

Салық немесе бюд. !Бюджеттік жік.!Бір күнде түскені!Жыл басынан бері
жетке төленетін !теменің коды !-----!-----
басқа да төлемнің ! !Бар. !АТШ-на !Бар. !АТШ-ға
атауы ! !лығы !есепке !лығы !есепке
! ! !алынғаны ! !алынғаны

1 ! 2 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

Күні бойы олар
бойынша түсімдер
болмаған кірістер XXXXXX XXXXXX
Жиыны:

Қазынашылық комитетінің
басшысы _____

Қазынашылықтың комитетінің
жауапты орындаушысы _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 5 қосымша
Берілген күні және уақыты

44-НФ-н.

Түсімдердің тоқсандық жоспарын шикізат секторы
ұйымдарының орындауы туралы ай сайынғы есеп
200__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Облыстың (Астана, Алматы қалалары) атауы (теңге, тиын)

Салық немесе!Бюджет! Орындалуы !Ұлттық
бюджетке тө.!тік !-----!қорға
ленетін бас.!жікте. !1.04.200_ж!1.07.200_ж!1.10.200_ж!1.01.200_ж!аударыл.
қа да төлем.!менің !арналған !арналған !арналған !арналған !ғаны
нің атауы !коды !-----!-----!-----!-----!
! !Ж !н !Ау. !Ж !Н !Ау. !Ж !Н !Ау. !Ж !Н !Ау. !
! !о !а !ыт. !о !а !ыт. !о !а !ыт. !о !а !ыт. !
! !с !қ !қуы !с !қ !қуы !с !қ !қуы !с !қ !қуы !
! !п !т ! !п !т ! !п !т ! !п !т ! !
! !а !ы ! !а !ы ! !а !ы ! !а !ы ! !
! !р ! ! !р ! ! !р ! ! !р ! ! !

1 ! 2 ! 3! 4! 5 ! 6! 7! 8 ! 9!10! 11 !12!13! 14 ! 15

Жиыны

Қазынашылықтың аумақтық
органының бастығы _____

Қазынашылықтың аумақтық
органының жауапты
орындаушысы _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 6 қосымша
Берілген күні және уақыты

44-НФ-С-н.

Республика бойынша түсімдердің тоқсандық жоспарын
шикізат секторы ұйымдарының орындауы туралы жиынтық есеп
200__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Облыс !Салық!Бюджет.! Орындалуы !Ұлттық
(Аста!неме!тік !-----!қорға
на, !се !жікте. !1.04.200_ж!1.07.200_ж!1.10.200_ж!1.01.200_ж!аударыл.
Алматы!бюд. !менің !арналған !арналған !арналған !арналған !ғаны
қала. !жетке!коды !-----!-----!-----!-----!
лары) !төле.! !Ж !н !Ау. !Ж !Н !Ау. !Ж !Н !Ау. !Ж !Н !Ау. !
!нетін! !о !а !ыт. !о !а !ыт. !о !а !ыт. !о !а !ыт. !
!басқа! !с !қ !қуы !с !қ !қуы !с !қ !қуы !с !қ !қуы !
!да ! !п !т ! !п !т ! !п !т ! !п !т ! !
!төле! !а !ы ! !а !ы ! !а !ы ! !а !ы ! !
!мнің ! !р ! ! !р ! ! !р ! ! !р ! ! !
!атауы! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4! 5! 6 ! 7! 8! 9 ! 10! 11! 12 ! 13! 14! 15 ! 16

Жиыны

Қазынашылық комитетінің
басшысы _____

Қазынашылық комитетінің
жауапты орындаушысы _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 7 қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының
ақша қозғалысын салыстыру ведомосы
200__ жылғы _____ жағдай бойынша

(теңгемен, тиындармен)

ҚР Қаржы министрлігінің _____ ! ҚР Ұлттық Банкінің деректері ! Алшақтық
деректері бойынша жүргізілгені! бойынша жүргізілгені _____ !

Кү.! Төлем ! Қазы.! Сомасы ! Кү.! Төлем ! Қазы.! Сомасы !
ні ! құжаты.! нашы.! -----! ні ! құжаты.! нашы.! -----!
!ның N !лық. ! Дебет! Кредит! !ның N !лық. ! Дебет! Кредит!
! !тың ! ! ! ! !тың ! ! !
! !аум. ! ! ! ! !аум. ! ! !
! !орга.! ! ! ! ! !орга.! ! !
! !нының! ! ! ! ! !нының! ! !
! !ББК ! ! ! ! !ББК ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10 ! 11

Барлық аударылғаны _____ Барлық есепке _____

алынғаны

Алшақтықтардың
себептері: 1.
2.
3.

Қазынашылық
комитетінің төрағасы _____ Өкілетті өкіл _____

Қазынашылық комитетінің _____ ҚР Ұлттық Банкінің
жауапты орындаушысы _____ жауапты орындаушысы _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 8 қосымша

N 1 Н.

_____ тоқсан үшін Ұлттық қордан _____
(республикалық, жергілікті)
бюджеттің шығындарын өтеу сомасы туралы
Анықтама

Облыс !Салық немесе !Жыл басы.!Жыл басынан бергі нақты!Тоқсан үшін шы.
(Астана,!бюджетке тө. !нан бергі! түсім !ғындарды өтеу
Алматы !ленетін басқа!жоспар ! !сомасы
қ.қ.) !да төлемнің ! ! !!(3-бағ.-4-бағ.)
!атауы ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

...

Облыстар
бойынша
жиыны

ҚР Қаржы министрлігі
Қазынашылық комитетінің төрағасы _____
Қазынашылық комитетінің
жауапты орындаушысы _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 9 қосымша

N 2 Н.

4-тоқсан үшін Ұлттық қордан _____
(республикалық, жергілікті)
бюджеттің шығындарын өтеу сомасы туралы
Анықтама

Облыс !Салық не.!Жыл.!Өсу қо. !А.ж. 21 !Ағымдағы !Бір жыл!4-тоқсан
(Астана,!месе бюд.!дық !рытынды.!желтоқсан. !жылғы жел. !үшін !үшін шы.
Алматы !жетке тө.!жос.!сы бар 9!ындағы жағ.!тоқсанның !күтіле.!ғындарды
к.қ.) !ленетін !пар !ай үшін !дай бойынша!аяғына дей.!тін тү.!өтеу
!басқа да ! !түскен !4-тоқсанда !ін күтіле. !сімдер !сомасы
!төлемнің ! !нақты !түскен !тін түсім. !(4-бағ.!(3-бағ.
!атауы ! !түсім !нақты түсім!дердің !+5-бағ.!-7-бағ.)
! ! ! ! !болжамы !+6-бағ)!

1 ! 2 !3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

...

Облыс
бойынша
жиыны

ҚР Қаржы министрлігі
Қазынашылық комитетінің төрағасы _____
ҚР Қаржы министрлігі _____ департаментінің директоры
Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 10 қосымша

Мемлекеттік бюджет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
арасындағы түпкілікті есеп айырысу туралы анықтама
_____ жыл үшін

(теңгемен, тиындармен)

Облыстың!Ұлттық !Салық не.!Түсім. !Бір жыл. !Есепті жылда !Бір жылдағы
(Астана,!қормен !месе бюд.!дердің !дағы нақ.!алынған шы. !түпкілікті
Алматы !есеп ай.!жетке тө.!жылдық !ты түсім !ғындарды өтеу!есеп айырысу.
қ.қ.) !ырысуға !ленетін !жоспары! !сомасы !дың сомасы
атауы !арналған!басқа да ! ! ! !(4-бағ.-5-бағ.
!бюджет. !төлемнің ! ! ! !-6-бағ.)
!тің !атауы ! ! ! !-----
!деңгейі ! ! ! ! !ҰҚ-ға !Бюджетке
! ! ! ! ! !(-) ! (+)

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

Қазынашылық комитетінің басшысы _____
Қазынашылық комитетінің
жауапты орындаушысы _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 11 қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері
және оның пайдаланылуы туралы

Есеп

_____200___ жылғы жағдай бойынша

(теңгемен, тиындармен)

N !

!Сомасы

п/п!

!

1 !

2

! 3

1. Ұлттық қордың есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражаты Барлығы:

2. Түсімдер Барлығы:

Оның ішінде:

- Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы
- қосымша құнға салынатын салық
- үстеме пайдаға салынатын салық
- бонустар
- роялтилер
- жасалған келісім-шарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі
- ресми трансферттер
- Қорды басқарудан алынатын инвестициялық кірістер
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер

3. Пайдалану Барлығы:

Оның ішінде:

- бюджеттердің шығындарын өтеу
- мақсатты трансферттер
- Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу

4. Ұлттық қордың есепті кезеңнің аяғындағы ақшалай қаражаты Барлығы:

Қазынашылық комитетінің төрағасы

Қазынашылық комитетінің жауапты орындаушысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 14 мамырдағы N 631 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын қалыптастыру мен
пайдаланудың есептілігін жасау және
бухгалтерлік есебін жүзеге асырудың
ережесіне N 12 қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік
басқарудың нәтижелері туралы

Есеп

200__ жылғы " ____ " _____ арналған

N !		! Сомасы
p/p!		!

1 !	2	! 3
-----	---	-----

1. Есепті кезеңнің басындағы Қор активтерінің рыноктағы құны:
2. Қордың операциялары бойынша кірістер:
 - 2.1. - бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының

- ағымдағы құнының өзгеруінен алынатын кірістер
- 2.2. - бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын сатып алу - сатудан алынатын кірістер
- 2.3. - акциялар бойынша дивидендтер түріндегі кірістер
- 2.4. - сыйақы түріндегі кірістер
- 2.5. - валюталық бағамның өзгеру нәтижесінде туындаған

- оң бағамдық айырма
- 2.6. - сыртқы басқаруға берілген активтер бойынша кірістер
3. Қорды басқару бойынша шығыстар:
 - 3.1 - бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының ағымдағы құнының өзгеруінен болатын шығыстар

- 3.2. - бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын сатып алу - сатудан болатын шығыстар
- 3.3. - валюталық бағамның өзгеру нәтижесінде туындаған теріс бағамдық айырма
4. Есепті кезеңнің аяғындағы Қор активтерінің рыноктағы құны:
-

Уәкілетті өкіл

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.